



2020 жылғы 10 қыркүйек

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалін 2020 жылғы 10 қыркүйекте қашықтық форматында өткізеді.

Фестивальдің мақсаты: киноөнері арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау.

Фестивальға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – Фестивальдің облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Республикалық фестивальға қатысушылардың жалпы саны – 170 адам.

Фестивальдің қатысушылары кез-келген жанрдағы қысқа метражды фильмдер мен шығармашылық шешімі бар деректі және ойын киносы, STOP-MOTION-видео, әлеуметтік жарнама, анимация, видео-арт, киножурнал, музыкалық фильм, ең үздік операторлық жұмыстарын ұсынады.

Фестивальді өткізу балалар мен жастардың шығармашылық дүниетанымын қалыптастыруға, балалар мен жастар аудиториясына бағытталған кинофильмдер (ойын, анимациялық, деректі) жасауға қызығушылығын арттыру, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру шеңберінде ұлттық мәдениетті сақтауға және қайта жаңғыртуға ықпал етеді.

Фестиваль балалар мен жастар ұжымдарын қолдауға және дамытуға, олардың шығармашылық қарым-қатынасына жағдай жасауға, неғұрлым қабілетті, шығармашыл дамыған және кәсіби болашағы бар балаларды анықтауға, мәдениет қайраткерлері мен мемлекеттік институттардың назарын талантты орындаушыларға және олардың жұмыстарына назар аударуға бағытталған.

«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалі көрермендердің мәдениетін тәрбиелеуге, кинофильмдер арқылы балалар мен жастардың рухани, зияткерлік және шығармашылық тұрғысынан баюына, ықпал етеді.

Фестивальдің қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері – алғыс хаттар, барлық қатысушылар – сертификаттар алады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-24; e-mail: nt_ekotur@mail.ru